

**Өнім мен тауарлар сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайда оларды жою немесе одан әрі қайта өңдеу тәртібін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1891. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

"Стандарттау мен сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 мамырдағы N 2298 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Өнім мен тауарларды сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайда оларды жою немесе одан әрі қайта өңдеуді қоса беріліп отырған тәртібі б е к і т і л с і н .

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1996 жылдың 1 ақпанына дейін жергілікті атқарушы органдары өкілдерінен сату мен пайдалануға жарамсыз өнім мен тауарды жою немесе одан әрі қайта өңдеу жөніндегі комиссияның құрамын б е к і т с і н .

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар өнім мен тауар сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайда оларды жою немесе одан әрі қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыруда осы Тәртіпті б а с ш ы л ы қ қ а а л а т ы н б о л с ы н .

Шығарушы (сатушы) өнім мен тауарларды сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайда оларды жою немесе одан әрі қайта өңдеу туралы атқарушы органның нұсқамаларын орындамау фактілері анықталған болса, сондай-ақ сертификаттау ережелерін үнемі бұзып келген болса өнімді шығару (сату) құқығына лицензияны алып қоюға дейін шаралар қолданылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1995 жылғы

бекітілген

Өнім мен тауарларды сатуға және пайдалануға  
жарамсыз деп танылған жағдайда оларды жою  
немесе одан әрі қайта өңдеу

## ТӘРТІБІ

### I. Жалпы ережелер

1. Заңды және жеке тұлғалар шығаратын, әкелетін және сатып алатын барлық өнім Қазақстан Республикасында қауіпсіздік пен сапа жөніндегі нормативтік құжаттардың, мемлекетаралық стандарттардың (ГОСТ), Қазақстан Республикасы стандарттарының (ҚР СТ), Қазақстан Республикасы техникалық шарттарының (ҚР ТШ) санитарлық нормалар мен ережелердің, ветеринарлық-санитарлық нормалардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің міндетті талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Әкелінетін өнім кеден органына ұсынылған және таңдап алынған кеден режиміне сәйкес шығарылғанға дейін кеден бақылауында уақытша сақтауда болады. Өнім уақытша сақтау қоймалары деп аталатын арнайы бөлінген және бейімделіп жасалған үй-жайларда уақытша сақталады.

Уақытша сақтаудың шекті мерзімі кеден заңдарында белгіленген ерекше жағдайларда болмаса, екі айдан аспайды.

Уақытша сақтау мерзімі ішінде әкелінген өнім таңдап алынған кеден режиміне сәйкес ресімделіп, кеден заңдарында белгіленген тәртіппен шығарылуға тиіс.

Егер кедендік ресімдеу кезеңінде әкелінген өнімнің қауіпті екені анықталса, онда бұл өнімге тыйым салынады да Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізілмейді. Мұндай өнім Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетілуге тиіс не Кедендік жою режимі туралы ережеге сәйкес жойылуы керек.

Жарамсыз деп табылған өнімді сатуға оның сапасының нашарлығын анықтаған орган кедендік ресімдеу кезеңінде де, сату барысында да тыйым саллады.

Тыйым салу актісінде сауда торабына тараған өнімді қайтарып алу туралы міндетті түрде көрсетіледі.

Өнімді қайтарып алуды және онымен байланысты процедураларды шығарушы (сатушы) жүзеге асырады.

Өнімді әкету фактісі белгіленген тәртіппен ресімделген, жүктің әкетілгені туралы кеден органының белгісі бар жүкке берілген кеден декларациясымен расталады.

Жүктің әкетілгені туралы ресімделген жүкке берілген кеден декларациясы

міндетті түрде осы өнімді анықтаған атқарушы органға ұсынылады.

3. Сатушы таптырмай кеткен немесе жарамсыз деп табылған өнімнен бас тартқан жағдайда жарамсыз деп табылған өнімді әкету немесе жою процедураларына байланысты мәселелерді тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының әкімдері шешеді.

4. Қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сай келмейтін , әкелінетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін барлық өнім екі түрге бөлінеді:

нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға келмейтін, бірақ қайта өңдеу жолымен талап етілетін нормативтерге жеткізуге болатын өнім;

қауіпті және пайдалануға (қолдануға) мүлде жарамсыз, жоюға жататын өнім.

5. Пайдаланылуы (қолданылуы) адамдардың денсаулығы, өмірі және қоршаған орта үшін қауіп төндіретін қауіпті өнім анықталған жағдайда жоюға, сондай-ақ қайта өңдеуге жататын өнімнің технологиясын келісіп алу қажеттілігіне байланысты мәселелерді арнайы комиссиялар шешеді.

Комиссия тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары әкімдерінің жанынан орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасы Денсаулықмині, Ауылшармині, Құрылысмині, Экобиоресурсмині, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті), құқық қорғау органдары мен сертификаттау жөніндегі органдардың аумақтық бөлімшелерінің өкілдерінен құрылады.

Комиссияны Қазақстан Республикасы Мемстандартының төрағасы басқарады. Оның мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиіс. Комиссия жоғары маманданған ғылыми қызметкерлерді, мамандар мен тәуелсіз сарапшыларды жұмысқа тарта алады.

6. Комиссияның жұмысына, пайдалануға (қолдануға) жарамсыз деп танылған өнімді сақтауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге, сондай-ақ оны жою процедураларын орындауға байланысты барлық шығыстарды шығарушы (сатушы) өтейді.

II. Нысаналы мақсатына сай пайдалануға (қолдануға) жарамсыз өнімді қайта өңдеу тәртібі

7. Нысаналы мақсатына сай пайдалануға (қолдануға) жарамсыз өнім нормативтік құжаттардың талаптарына сай келгенге дейін қайта өңделуге тиіс.

Қайта өңдеу түрлеріне:

өнімді шикізат алу мақсатымен қайта өңдеу;

өнімді басқа өнім алу мақсатымен қайта өңдеу;

өнімді талап етілетін нормативтерге жеткізу мақсатымен қосымша өңдеу жатады.

8. Өнімді қайта өңдеу технологиясы мен орнын шығарушы (сатушы) таңдап

алады, ол өнімді жарамсыз деп тапқан атқарушы органдардың келісімімен құзыретті ұйымдарға (институттарға, лабораторияларға) хабарлауға тиіс.

9. Қайта өңделген өнімді нысаналы мақсатына сай немесе жаңа атауы мен қолданысы бойынша одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының Мемстандартында тіркелген лабораторияда белгіленген тәртіппен өткізілген сынақтар оң нәтижелі болып, сәйкестік сертификаты алынғаннан кейін ғана мүмкін болады.

### III. Пайдалануға (қолдануға) жарамсыз деп танылған өнімді жою тәртібі

10. Қауіпті өнім анықталған жағдайда сапасыз өнімді анықтаған атқарушы орган өкілі шығарушыға (сатушыға) оны өндіруді (сатуды) дереу тоқтату жөнiнде нұсқама береді.

11. Алынған материалдарды талдау және оларды қайта тексеру нәтижелері бойынша (қажет болған жағдайда) комиссия жою жөнiнде акт жасайды, онда: акті жасалған күн мен орын, өнімді шығарушы (сатушы) кәсіпорынның атауы;

жоюға жататын өнімнің атауы мен мөлшері;  
өнім қауіпті деп танылған көрсеткіштер;  
жою әдісі, мерзімі мен орын;

комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымы көрсетіледі.

Актінің негізінде комиссия қауіпті өнімді оқшаулау мен сақтауды қамтамасыз ету жөнiнде шаралар және оны жою немесе көму жөнiнде шешім қабылдайды, онымен шығарушыны (сатушыны) таныстырады.

Шешім қабылдар алдында комиссия шығарушының (сатушының) өтініші бойынша жарамсыз деп танылған өнімді тәуелсіз тіркелген лабораторияда бақылау сынағын қайталап жүргізе алады.

12. Комиссияның шешімі бойынша өнім жоюға әзірленеді.

13. Жоюға жататын тағамдық азық-түлік, дәрі-дәрмектердің табиғи күйі иісті затпен (керосин, мұнай, фенол, хлорлы әк) немесе осы затқа тән емес түс беретін бояулармен өзгертілуге тиіс.

14. Халыққа қауіп төндіретін тағамдық және ауыл шаруашылығы заттары жойылар алдында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес залалсыздандырылады.

15. Улы, есірткі дәрі-дәрмектер мен есеңгірету және анаболикалық әсері бар дәрілік заттар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Ішкі істер министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес жойылады.

16. Қайғылы оқиғалар мен жарамсыз деп табылған өнімді ұрлауға жол бермеу мақсатында табиғи күйін өзгерту және залалсыздандыру жөнiндегі барлық

операциялар өнімді уақытша сақтау қоймаларында немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының әкімдері бөлген арнаулы орындарды жүргізілуге тиіс.

17. Жоюға жататын өнімді тасымалдау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өкілінің еріп жүруімен жүзеге асырылуға тиіс.

18. Өнімді жою процесін комиссия мүшелерінің міндетті түрде қатысуымен шығарушы (сатушы) орындайды.

19. Өнімді залалсыздандыру және жою фактісі қоса беріліп отырған нысанда актімен ресімделеді, оған комиссияның барлық мүшелері және шығарушы (сатушы) қол қояды.

20. Қауіпті өнімді жою және көму кезінде осы мақсатқа бөлінген жердегі ауа бассейнін, топырақты, жерасты сулары мен жер үстіндегі су қоймаларын ластанудан сақтау үшін комиссияда мемлекеттік экология сараптамасының оң қорытындысы мен табиғат қорғау органдарының шешімі болуға тиіс.

#### I V . Ш а ғ ы м б е р у

21. Егер шығарушы (сатушы) атқарушы органның немесе сертификаттау туралы органның өзінің өнімін қайта өңдеуден өтпесе пайдалануға (қолдануға) жарамсыз деп тану туралы шешімімен келіспесе, онда ол шешімді алғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей өнімді жарамайды деп тапқан атқарушы органның тиісті жоғары тұрған орындарына жазбаша түрде шағым береді.

Жоғары тұрған орган арыз берілген күннен бастап 10 күн ішінде арызды қарайды және өз шешімін өнім шығарушыға (сатушыға) хабарлайды.

Өнім шығарушы (сатушы) шешіммен келіспеген жағдайда оның сотқа жүгінуге құқығы бар.

22. Комиссияның пайдалануға (қолдануға) жарамсыз деп танылған өнімді жою туралы шешіміне шығарушы (сатушы) шешім шығарылған күннен бастап 10 күн ішінде сотқа шағымдана алады.

Егер пайдалануға жарамсыз деп танылған егер өнімді сақтаудың санитарлық-эпидемиологиялық жағынан қауіпсіз, қоршаған ортаға әсер етпейтін болса, сақтаудың лайықты жағдайы бар болып, бұзылмай, өзінің жай-күйіне қарай сақтауға шыдайтын болса, берілген өтініш мұндай өнімді жою туралы комиссияның шешімін тоқтатады.

#### V. Бақылау органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің жауапкершілігі

23. Осы Тәртіптің сақталуына және орындалуына бақылаушы органдар мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапты болады.

#### ҚОСЫМША

Ө н і м д і ж о ю т у р а л ы  
А К Т

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Аты-жөні, лауазымы)

\_\_\_\_\_

кұрамындағы комиссия мына өнімді жойды \_\_\_\_\_  
өнімнің аты, мөлшері

\_\_\_\_\_

(әдісі көрсетіледі)

Негіздемесі \_\_\_\_\_  
өнімді сапасыз деп тануға негіз болған құжат (номері)

\_\_\_\_\_

көрсетіледі

К о м и с с и я  
қ о л ы

м ү ш е л е р і н і ң

Аты-жөні

199\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Ш ы ғ а р у ш ы н ы ң

(с а т у ш ы н ы ң)

қ о л ы

Аты-жөні

199\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_